

Келісілді *Касым*
«Babi-3» бөбекжайының
әдіскері Касымова.А.Б

Бекітілді
«Babi-3» бөбекжайының
директоры Азмуханбстова.Д.А



**Тақырыбы: «Ана өмірдің мәні»
«Ботақан» кіші тобы**



Тәрбиеші: Махамбет.Қ.М

Мерекелік іс-шара: **8-Наурыз Халықаралық әйелдер күні**

Тақырыбы: «Ана өмірдің мәні»

Мақсаты: Балалардың мереке процесіне өздігінен қосылу дағдыларын дамыту, бастамашылдық, шығармашылық, музыкалық, коммуникативтік, ақыл-ой қабілеттерін көрсетуге ынталандыру; анаға сүйіспеншілік, үлкендерге құрмет, өзара көмекке келу сезімін тәрбиелеу.

Құрал-жабдықтар: костюмдер, кейіпкерлердің атрибуттары, ойын, би жабдықтары. Кейіпкерлер: Көктем ханшайымы

Үлестірмелі материалдар: түрлі түсті гүлдер мен көбелектер

Кіріспе бөлім:

Балалардың залға салтанатты түрде кіруі. Шахмат тәртібімен орналастыру

Тәрбиеші:

Жасыл көктем келеді

Самал беттен өбеді.

Көкте бұлттар көбейсе

Мөлдір тамшы төгеді.

Балалар бір шумақ тақпақты хормен айтады:

Аман болсын аналар!

Көктем келді, балалар!

Жердің беті жаңарар

Ақ сүт беріп өсірген

Аман болсын аналар!

Негізгі бөлім:

«Көктем» әні (музыкалық жетекшінің қалауы бойынша)

(Балалар орындықтарға отырады. Көңілді әуен ойнатылады, залға Көктем кіреді).

Көктем: – Армысың, ардақты елім! Алғашқы шуақты күндермен бірге мен де асыға келіп қалдым. Балалар, мен сендерді сағынып келдім. Сендер маған өнерлеріңді дайындап келдіңдерме?

Балалар: Иә!

Би: Балалар «Мама» биін билейді.

Көктем: Жарайсыңдар балалар! Сендер өте өнерлі екенсіңдер.

С Көктем, біздің балаларымыздың өнерлері әлі таусылмады.

Тәрбиеші: Ән «Анашым» балалардың орындауында

Ойын: «Гүлге көбелек қондырайық» Жерге түрлі түсті гүлдер мен көбелектер шашылады. Балалар гүлдерге қарап көбелектерді түстеріне бөліп қондырады.

Кім тез әрі көп жинайды сол жеңімпаз болады.

Тәрбиеші: Балалар жарайсыңдар! Көктем біздің балаларға өнер көрсеткендері үшін сыйлықтарын табыстайды.

Тәрбиеші: Балалар аналарымызға жасаған сыйлықтарымызды табыстайық!

Қорытынды:

Көктем: Аналар әрқашан бақытты болсын! Балалар әрқашан қуаныш сыйласын!

Тәрбиеші: Мерекелеріңізбен құрметті аналар мен әжелер! Біздің «Ана өмірдің мәні» атты мерекелік іс-шарамыз аяғына тәмәмдады. Халықаралық әйелдері күні құтты болсын!